

Бекітемін:
МКҚК «Балапан» МДҰ меңгерушісі
м.а С. Х Байдавлетова
«31» тамыз 2021 жыл

Келісемін
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Қарғалы ауданын білім бөлімі»
ММ бөлімінің сарапшылар кеңесі
«31» тамыз 2021 жыл

Бейімделген бағдарлама

Вариативтік компонент
«Бәрін білгім келеді»

(Мнемотехника тәсілі бойынша балалардың қызығушылығына
арналған вариативтік компонент)

**«Күншуақ» ортаңғы тобы
2021-2022 оқу жылы**

«Қаралды»
МКҚК МКҚК «Балапан» МД Ұ әдіскері
«1» қыркүйек 2021 жыл

«Бәрін білгім келеді» вариативтік компонент.

Түсініктеме

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты «ТОБЫ» ортаңғы тобына «Қатынас» саласы бойынша «МНЕМОТЕХНИКА» тәсілімен «Бәрін білгім келеді» тақырыбында адаптивтік бағдарлама алынды. Бағдарлама аптасына 1 рет жүргізіледі. 36 сағат берілген. Ондағы басты мақсат тіл дамыту, көркем әдебиет ұоқ ары қарай дамыту, байланыстырып оқыту мақсатында негізделді. Балалардың тіл дамыту мен көркем әдебиеттен алған білімдерін осы бағдарламада жалғастырып, ертегілердің, тақпақтардың, әңгімелердің маңызын, мазмұнын балаларға айтып, көрсету арқылы жүзеге асыру. Сондай-ақ балалардың көз қарасын, олардың қоршаған ортамен байланысын, дүние танымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

Мақсаты:Сахналық қойылымдар, тәрбиелік мәнді әңгімелер, тақпақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту

Міндеттері:

- 1.Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 3-4 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
- 2.Дауыс ырғағы арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
- 3.Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
- 4.Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;

5.3-4 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

Мазмұны:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым,ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

Қолданылған әдебиеттер

1. Аймағанбетова Қ. « Мен жәнебәрі,бәрі,бәрі» , «Аруна» баспаса 2014 ж .
 - 2.«Бала мен балабақша» Алматы. Педагогикалық журнал №7.2018ж
 - 3.Елубаев.А.Е. «Балаларғабазарлық» Алматыкітап 2011ж
 - 4.КежекЫсқақ «Сырымдыайтамдеп, шынымдыайттым...» Алматы баспасы
 - 5.Назарбаева.С.А. «Өзін - өзітану»
 - 6.Орынбаева.Ә.Т. «Сүйіктісіқырлыертегілер»
 - 7.ӨтетілеуұлыЕрмек «Әдептілікәдемілік»
 - 8«Сөйлеудідамыту, Көркемәдебиет»
- пәндеріндешағынорталықтоптарынаарналғандидактикалықматериалдар.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі «Бәрін білгім келеді»
Адаптивтік бағдарлама**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Театр әлемі	Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру.	1	1.09.21
2	Театр әлеміне саяхат	Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету.	1	07.09.21
3	Жақсы сөз жарым ырыс.	Балаларды жақсы істерге, жақсы сөздер айтуға, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге үйрету	1	14.09.21
4	Достар ертегісі	Ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.Ертегіні сахналауды үйрету.	1	21.09.21
5	Баланың айналасы	Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру. Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету.Берілген рольді қызығушылықпен орындау қабілеттерін жетілдіру.	1	05.10.21
6	Екі лақ	Балаларды ертегі арқылы батылдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету	1	12.10.21
7	Қуыршақтар	Балалармен өздерінің ойыншықтары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету.	1	19.10.21
8	Қайдан келдің бауырсақ	Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру		26.10.21
9	«Қайырымды қоян». (ертегі)	Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі ете отырып, достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.	1	02.11.21
10	Адасқан құмырсқа	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру..	1	09.11.21
11	«Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.	Өлең жолдарын мнемокесте арқылы мәнерлеп оқып ,түсіндіру. Есте сақтауға үйрету.Кесте бойынша өлең жолдарын жаттау	1	16.11.21
12	«Үш аю» ертегісі	Мнемотехника әдісі бойынша ертегі желісін графикалық суреттер көмегімен түсіндіру.	1	23.11.21

		Балалардың кесте арқылы қайталап айтуын қадағалау.		
13	Жеті лақ.	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.	1	30.11.21
14	Екі сараң қонжық	Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу. Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.	1	07.12.21
15	Онға дейін санай білетін лақ ертегісі.	Балаларды достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілет терін, диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету.	1	14.12.21
16	«Қызыл телпек»	Кейіпкерлердің іс-әрекетін, дауыс ырғағын бере білуге үйрету. Өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға тәрбиелеу.	1	21.12.21
17	Қоянның үйі	Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді, тіл байлықтарын толықтыру. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	06.01.22
18	Түлкі мен ешкі	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту	1	11.01.22
19	Мақтаншақ қоян.	Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ, ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер	1	18.01.22
20	«Қолғап» украин халық ертегісі.	Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету.	1	25.01.22
21	«Аяз ата сиқыры» ертегісі	Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.		01.02.22
22	«Дәрігер Айболит » ертегі.	Балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптан дыруды жалғастыру. Жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	08.02.22
23	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Ертегі желісін ретімен орындауды жетілдіру. Дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	1	15.02.22

24	«Қияр мен капуста» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.	1	22.02.22
25	«Бидай мен қаңбақ» А.Тоқмағанбетов	Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру.	1	01.03.22
26	«Қайырымды бала» Б.Данабеков	Қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру,балалардың бойына рухани адамгершілік қасиет терді ұялату. Өз халқының салт дәстүрінде негізделген адамдық асыл қасиеттерді ажырата біліп игеруге баулу.Қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	09.03.22
27	«Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)	«Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.	1	15.03.22
28	«Қияр мен капуста» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.	1	24.03.22
29	Гүл туралы аңыз. Мнемотехника тәсілімен	Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.	1	05.04.22
30	Қайдан келдің бауырсақ	Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру	1	12.04.22
31	Тақпақ айта білемін Мнемотехника тәсілі	Балалардың жаттаған тақпақтарын мнемотехника тәсілімен қайталап тексеру.	1	19.04.22
32	Еңбек , бәрін жеңбек.	Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету. Мақал- мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.	1	26.04.22
33	Біз бақытты баламыз	Бақыт, қуаныш,сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетан-ымын, ой-өрісін дамыту.	1	03.05.22
34	Орман дәрігері. Ертегі.	Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	11.05.22

35	«Нан қайдан шығады?»	Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге, бағалай білуге тәрбиелеу.. Күзгі еңбек түрлерін атау.		17.05.22
36	Ертегі еліне саяхат.	Айналадағы заттардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып меңгерту, логикалық ойындар. Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету.	1	24.05.22
	Барлығы		36 сағат	

Бәрін білгім келеді (В)

1.

Тақырыбы: Театр әлемі

Мақсаты: Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не?

Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Е.Өтетілеуұлы

1. Театр туралы түсінік беру.

Театр дегеніміз не?

Театр түрлерімен таныстыру.

Онда жұмыс жасайтын адамдарды кімдер дейміз?

Олар не істейді?

2.Сурет бойынша әңгіме.

Сұрақ – жауап.

3. Бет перделермен таныстыру.

Олардың қызметі туралы түсіндіру.

Саусақ театрымен таныстыру.

Қолға кигізіп, сөйлеу мәнерін үйрету.

Сергіту сәті.

«Театр» ойынымен аяқтау.

Әр түрлі бет перделер киіп қимылдар көрсету.

2.

Тақырыбы: Театр әлеміне саяхат

Мақсаты: Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері.

Дид.ойын: «Кім тапқыр?»

Жұмбақ жасыру.

Орманнан жалпақ даладан

Бал іздеп бір аң жортады

Кіп – кішкентай арадан,

Үлкен болып қорқады. (аю)

Бұлаңдаған құйрығы,

Бір айдарлық қулығы (түлкі)

Көзін жұмады,

Көзін ашады

Сыбысын білдірмей,

Ақырын басады (мысық)

Сұрақ-жауап

Бұларды бір сөзбен не дейміз?

Қандай ертегі кейіпкерлері?

Ертегі туралы түсінік беру.

Қандай ертегілер білеміз?

Ертегіні не үшін тыңдаймыз, онан не үйренеміз?

Кейіпкерлер дегеніміз не?

2.Ертегі кейіпкерлерін жасау.

Жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу.

Жасаған кейіпкерлерге сипаттама беру.

3.Саусақ театрының кейіпкерлері.

Театр кейіпкерлерін саусаққа кейіп әңгімелесу.

Сөз қорларын дамыту.

Дид.ойын: «Бұл қандай ертегі?»

Балаларды мадақтау

3.

Тақырыбы: Жақсы сөз жарым ырыс.

Мақсаты: Балаларды жақсы істерге, жақсы сөздер айтуға, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері.

1. Қызығушылықты ояту.

Өлең оқу.

Автор. Ә.Дүйсенбиев

Ой қозғау

Сұрақ-жауап

Өлең не туралы айтылған?

Қандай әсер алдыңдар?

Жақсы мен жаман туралы не айтылған?

Жақсылық пен жамандық туралы түсінік беру.

2Ой дамыту

.Сурет бойынша әңгіме.

Сұрақ – жауап.

1.Жақсы бала қандай болады?

2.Сендер қандай әдепті сөздер білесіңдер?

3.Ақылды, әдепті балалар қандай болу керек?

4.Ал жамандық туралы ше?

Біз ертегілерден жамандықпен жақсылықты ажырата аламызба?

Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді қалай айырамыз?

Сергіту сәті.

3. Мақал-мәтелдер айтып мағынасын түсіндіру.

Дид.ойын: «Кім тапқыр?»

Балаларды бағалау

4.

Тақырыбы: Достар ертегісі

Мақсаты:

ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.

Ертегіні сахналауды үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

«Менің көмекшілерім»

Мынау менің жүрегім,

Бәрі осында басталған

Мынау басым ақылды,

Барлық істі бастаған.

Мынау менің оң қолым,

Мынау менің сол қолым

Барлық істі атқарған.

Қызығушылықтарын ояту.

Жұмбақ жасыру

Сұрақ-жауап

Бұлардың бәрі қандай жануарлар?

Қайда өмір сүреді?

1. Үйшік ертегісі туралы түсінік беру.

Ой қозғау. Мнемокесте әдісі

Сұрақ-жауап.

Үйшікті не тауап алады?

Оларға тағы нелер келеді?

Аюды олар қалай қабылдайды?

Достық дегеніміз не?

Үйшік қалай құлады?

Ой дамыту

2. Бет перде киіп ертегіні сахналау

Ертегі кейіпкерлерінің қимыл қозғалысын дұрыс сомдай білу.

Қортынды сұрақ-жауап.

Үйшікті жануарлар қалай құрды?

Достықтың арқасында

Бірлік туралы мақал-мәтелдер.

- Бірлік болмай тірлік болмас.

- Бірлік түбі ынтымақ.

Балаларды мадақта

5.

Тақырыбы: Баланың айласы

Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру. Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Берілген рольді қызығушылықпен орындау қабілеттерін жетілдіру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ертегі кейіпкерлер бетпердесі

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

ҰОҚ өтілу барысы

1.Ой қозғау.

Ертегіні оқып, түсінік беру.

Ертегі желісін сұрақ қою арқылы жауап алу.

2.Миға шабул

Адам тасты не үшін алып тастағысы келді?

Тастың астынан не шықты?

Жылан адамға не деді?

Олар әділдік сұрап қайда барды?

Түйе, ағаш, ит қандай шешім айтты?

Соңында бала қандай айламен жыланды сандыққа кіргізді?

Баланы қандай деп ойлайсыңдар?

3.Ой дамыту

Ертегіні сахналау

Кейіпкерлердің қимыл әрекеттерін сомдай білуге үйрену.

Қортынды

Сұрақ – жауап Балаларды мадақтау.

6.

Тақырыбы: Екі лақ

Мақсаты: Балаларды ертегі арқылы батылдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар:

Оқу қызметінің барысы:

I. Шаттық шеңбері.

Дос болайық бәріміз.

Ө. Тұрманжанов.

Ой қозғау.

1. «Жақсылық жасау деген не?»

Суреттер тарату.

Адамның, құстардың, жануарлардың, өсімдіктердің

Сергіту сәті.

Мен сендерге өлең жолдарын оқимын, ал сендер қай төл туралы сөз болғанын айтыңдар.

Шөре, шөре, лағым,

Тентек бома, шырағым.

Секендемей демінді ал,

Селтендемей құлағың, - деп неге айтамыз?

Екі лақ ертегісін оқу, түсіндіру.

Ертегі желісі бойын-ша сұрақ-жауап.

Екі лақ қандай қиын-дықтарға кездесті?

Олар қандай тапқырлық ойлады?

Бір біріне қалай көмектесті?

3. Ой дамыту

Ертегі желісін сомдау.

Сөйлеу мәнерін дұрыс келтіруге үйрету.

Қортынды

Татулықты сақтайық.

Өлең жолдарын қимылмен көрсету.

Балаларды мадақтау.

7.

Тақырыбы: Қуыршақтар

Мақсаты: Балалармен өздерінің ойыншық-тары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

I.Шаттық шеңбері.

Ренжуді білмейміз.

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан таңға.

II.Қызығушылықтарын ояту

Жұмбақ жасыру

Бөбектердей бүлдіршін,

Киініп тұр бір мүсін.

Ол қаз басып жүрмейді,

Сөйлемейді, күлмейді. (қуыршақ)

III.Ой дамыту

«Қуыршақ» мнемокесте әдісі.

Апам маған дүкеннен,

Бір қуыршақ әкелді.

Ерегіспес үлкенмен,

Мазақтамас бөпемді.

Ойнатамын оны мен,

Жылатпаймын түртіп те.

Ең жақсысы менімен

Таласпайды кәмпитке.

Дидактикалық ойын: «Қуыршақпен туған күн тойлаймыз».

Ойын шарты: Қуыршақпен туған күн тортын бөліп жеу, жақсы тілектер айтқызу, бір - біріне сыйластық, қайырымдылық дағдыларын қалыптастыру.

Қортынды

Сұрақ-жауап

Балаларды мадақтау.

8.

Тақырыбы: Қайдан келдің бауырсақ

Мақсаты: Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалның сөйлеу мәнерін қалыптастыру

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

«Күннің нұры»

Ой қозғау.

Жұмбақ жасыру:

Ұзын мұртты сарылар,

Қойынында дәні бар. (Бидай)

Бидайдан не жасалады?

Суретпен жұмыс

Ой қозғау.

Адамдар қандай іс пен айналасып жатыр? трактор қандай жұмыс атқарып жатыр?

Жерді не үшін жырттып,тегістеді?

Егінді немен орамыз балалар.

Кімдер орады.

Бала: Егінші орады

Балаларды мадақтау.

Ғажайып сәт.

Қуыршақтың қонаққа келуі.

Амандасу

1. Қуыршаққа көмек

Нан туралы түсінік беру.

Нан неден шығады?

Оған қандай еңбектер жасалады.

2. Қуыршақтың сұрағына жауап.

Ой дамыту

Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру.



Өлеңде не туралы айтылды?

Бауырсақ қайда жатты?

Қуыршақ не деп сұрады?

Бауырсақ наубайға қайдан келді?

Диірменге ше?

Диқан бидайды қалай өсірді?

Балалардың жауабы. Нан түрлерімен таныстыру: (таба нан, бауырсақ, лапша, шелпек, жайма, тоқаш т.б)

Сергіту сәті: Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.

Жерді жыртамыз, егінді себеміз,

Суарамыз, күтіп баптаймыз.
Бидай үлкен болып өседі,
Комбайнмен орамыз,
Машинамен қамбаға тасимыз,
Диірменде үн етіп дайындайды.
Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз.

Дидактикалық ойын: «Не жасырынғанын тап.»

Ойын шарты: балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсету.

Балалар көздерін жұмады, бір суретті алып қойылады. Балалар қай сурет жоқ екенін табуы керек.

Қорытынды:

Балалар, сонымен бауырсақ дастарқанға қалай келеді екен?

Бауырсақ дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді екен?

Бауырсақтың қандай түрлері бар?

Үйде аналарың қандай бауырсақ пісіреді?

9.

Тақырыбы: «Қайырымды қоян». (ертегі)

Мақсаты. Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі ете отырып, достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.

Қолданылатын көрнекі құралдар:

Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттері.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжісуді білмейміз

Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Күз мезгілінде қанша ай бар?

– Ай атауларын атаңдар.

– Қазір қай ай?

Балалар, қандай ертегі білесіңдер?

– Сендерге ертігі айтып берген ұнай ма?

– Ендеше мен сендерге «Қайырымды қоян» ертегісін айтып берейін.

– **Қайырымды қоян ертегісін оқып, мазмұнын түсіндіремін.**

Ой қозғау.

Сұрақтар:

-Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақыр деді?

-Бала қонаққа кімдерді шақырды?

-Әкесі баласына не үшін ұрысты?

-Бала жылап отырғанда көмекке не келді?

-Қоян қандай қайырымдылық жасады?

-Бізде қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба?

Дидактикалық ойын: «Досым-менің мақтанышым».

Ойынның шарты: Балалар бір-біріне гүл ұсыну арқылы өз достарының бойындағы жақсы қасиеттерін айтады.

Тыныштық сәті: Көзімізді жұмып, денемізді бос ұстап, терең тыныс аламыз. Көз алдымызға қайырымды қоянды елестетіп көрейік. Қоян балаға қалай көмектесті? Көздерін ашып, қоянның қандай жақсылық жасағанын айтып береді.

Мақал жаттау: «Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды».

Қорытынды

Балалар, қоянның қайырымды екенін қайдан білдік?

10.

Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі

Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастыру:


1. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Күз айларын атаңдаршы балалар?

2Қызығушылықтарын ояту.

Жұмбақ жасыру. Кылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен.

(құмырсқа)



3.Ертегіні айтып беру

4.Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.

Ой қозғау.

Сұрақтар:

-Ертегі қалай аталады?

-Құмырсқа нелермен дос болыпты?

-Құмырсқаның осы достары жайлы не ойлайсыңдар?

-Құмырсқаға нелер көмектесті?

-Кәрі құмырсқа не айтты?

Суретпен жұмыс.

жәндіктердің суретін көрсетеді, балалар атын атап, дыбысын салады.

6.Ертегіні сахналау.

7.Қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

11.

Тақырыбы: «Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.

Мақсаты: Өлең жолдарын мнемокесте арқылы мәнерлеп оқып ,түсіндіру. Есте сақтауға үйрету.Кесте бойынша өлең жолдарын жаттау **Оқу қызметінің барысы:**

1.Ұйымдастыру:

1)Жұмбақ жасыру.

Аяғы бар, жүрмейді,

Аузы бар, күлмейді

Айнымайды бөпемнен,

Тек сөйлеуді білмейді.

-Дұрыс қуыршақ.

- Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар?

2) Ендеше Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттаймыз.

Өлеңді мәнерлеп оқу.



Ойыншықтар

Біздерде бар қуыршақ,

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар тыңдайды,

Ақыл айтсақ, бұйырсақ,

Қуыршақтар ұйықтайды.

Айтқаныңнан шықпайды.

Бұзау, қозы құлыншақ.

«Ұйықта» десең, ұқпайды.

Тыңдамайды ұрысса,

Осылары дұрыс па?

Тентектігін қоймаса,

Тұрғызармын бұрышқа.

Сұрақ-жауап

Балалар, өлең сендерге ұнады ма?

Өлеңде не туралы айтылған?

Ойыншықтармен қалай ойнау керек?

Ойыншықтар неден жасалады?

Сергіту сәті

Тік ұста бойыңды,

Жоғары соз қолыңды.

Соз қолыңды тағы да,

Жеткіз жираф мойына.

Қорытынды.

Балаларды мадақтау

12.

Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі

Мақсаты: Мнемотехника әдісі бойынша ертегі желісін графикалық суреттер көмегімен түсіндіру. Балалардың кесте арқылы қайталап айтуын қадағалау.

Оқу қызметінің барысы:

Ой қозғау.

Сұрақ қою

-Сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме?

-қандай ертегі білесіңдер?

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Ертегі ханшайымынан хат. **Хатты оқу**

Балалар сендер көп ертегі біледі екенсіңдер, ондай болса сендер менін жұмбағымның шешімін тауып көріңдер!

1-жұмбақ

-Аюдан қаштым

Қояннан қаштым

Бұл қай ертегі?

Дұрыс бауырсақ ертегісі

2-жұмбақ

-Лақтарым ,шұнақтарым

Есік ашындар.

Бұл қай ертегі?

3-жұмбақ

Ата, әже жыламандар

Мен сендерге басқа жұмыртқа әкеп беремін.

Бұл қай ертегі?

4-жұмбақ

-Кім біздің тамағымызды ішті

-Кім менін орындығыма отырды?

Бұл қай ертегі?

Балалардың жауаптары.

Мадақтау.

Сергіту сәті:

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп –теріп алайық,

Қалтамызға салайық

Жарайсындар.

ертегі ханшайымның жұмбағынның жауабын таптық. Балалар хаттың ішінде тағы не бар екен ?

Мнемотехника



Сұрақ жауап.

Үш аю ертегісін мнемокесте арқылы түсіндіру.

Балалардың кестені пайдалана білуін қадағалау.

Қорытынды.

Балаларды мадақтау.

13.

Тақырыбы: Жеті лақ.

Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ, мнемокесте, ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер.

Шаттық шеңбері.

Ой дамыту суретті көрсетіп:

- Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ».

- Балалар қасқыр туралы не білесіңдер?

- Қандай жануар? - Ешкі, лақ қандай жануар? -

Лақ туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер.

2.- Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін.

Ертегіні оқып беру.

3. Ертегіні мнемокесте бойынша түсіндіру.



- **Сергіту сәті.**

Кәне біздің қолымыз

Оңымыз бен солымыз

Міне оң қол алақай.

Міне сол қол балақай.

4. Дид. ойын: «Қай ертегі?»

Мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту

.Шарты: мнемокесте арқылы берілген ертегіні әңгімелеу.

Қорытындылау.

Балаларға смайліктер беру арқылы мадақтау.

14.

Тақырыбы: Екі сараң қонжық

Мақсаты: Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу. Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру:

1. Ойын: «Көңіл күйіміз қандай?»

Мақсаты: Бір – біріне допты беру арқылы көңіл - күйлері жайлы айтып беру.

- Балалар сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме? Қандай ертегі білесіңдер? Олай болса бүгін біз ертегі еліне саяхат жасаймыз. Бірақ ол алыста ғой, қалай ойлайсыңдар ол жаққа қалай тез жетуге болады?

Балалардың жауаптары.

- **Ертегі еліне жету үшін мына сиқырлы таяқшаны қолдану.**

Кәне, сыйқырлы таяқша бізді ертегі еліне тез жеткіз! - Көзімізді ашамыз, қараңдар біз ертегі еліне келдік

Балалар, қараңдаршы мұнда не жатқанын? - Бұл сандықша ғой! Ішінде не бар екенін көреміз бе?

- Қане бәріміз жайғасып отырайық. (сандықшаның ішінде **ертегілер желісі бойынша жасалған мнемокестелер Бауырсақ , Үйшік , Қоянның үйшігі**).

- Бауырсақ неше аңды кездестіреді?(төртеу)

- Үйшікте неше аң тұрады? (төртеу)

балаларды мадақтау

Мнемотехника әдісі.

.(Екі сараң қонжық ертегісінің мнемокестесі.)

Ертегіні мнемокесте арқылы айтып беру.

Ой қозғау.

Ертегіні талдау:

– Осы ертегідегі басты кейіпкерлерді атаңдаршы?

- Қонжықтар қандай? Олар туралы қалай айтуға болады?(кішкентай, сабалақ, үлпілдек, қоңыр, көңілді, күлкілі, маймақ).

– Ертегіде тағы қандай кейіпкер бар?(түлкі)

- Түлкі қандай? (айлакер, қу,)

- Неге ол қонжықтарға көмектесті?(алдап ірімшіктерін жеу үшін).

– Қалайша түлкі қонжықтарды алдап кетті?(өйткені қонжықтар сараң, бір - біріне сенбеді, бірінен бірі аяды).

– Олар сараңдықтары үшін қалай жазаланды?(аш қалды).

Балалар Мнемокесте

арқылы ертегіні айтады

6. Тыныс алу жаттығуы.

Қолға алып шарды Үрлеймін мен былай

Уф-ф-ф

Үрлеймін деп қатты

Жарып алдым шарды.

Ой қозғау.

- Балалар, ертегі өте өкінішті аяқталды, ия? Қонжықтар аш қалды, мен оларды аяп отырмын, сендер ше? Онда біз қонжықтарға көмектессек қайтеді?

(Балалардың ертегіні жаңаша, өз ойларыңша айтуына көмектесу). Балаларды мадақтау.

7.Қорытындылау.

- Ал енді балалар бізге тобымызға қайтатын уақыт келді. Шеңберді біз құрайық, көзімізді жұмайық. Сиқырлы таяқша бізді тобымызға жеткіз деп сұрайық.

Балабақшаға оралу. Балалар біз бүгін қайда бардық?

- Онда не істедік?

- Саяхат аяқталды, сендер бүгін өте жақсы қатыстыңыздар деп жұлдызша беремін.

15.

Тақырыбы: Онға дейін санай білетін лақ ертегісі.

Мақсаты: Балаларды достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін, диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. **Қолданылатын көрнекіліктер:** Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер, кейіпкерлер бетпердесі, АКТ, мнемокесте.

Шаттық шеңбері.

1.- Балаларға бір неше ертегілер суреттерін көрсетіп сұрау: -балалар қандай ертегі екенін табу.

2.- Ал, ендеше мен қазір сендерді жаңа ертегімен таныстырып, оқып берейін.

«Онға дейін санай білетін лақ» ертегісі.



Ертегіні оқып беру.

.Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап.

-Лақ санауды қалайша үйренді?

-Бұзау лақтың санағанын қалай қабылдайды?

-Басқа жануарлар есітіп, не істеді?

- **Сергіту сәті.**

5.Ертегіні балалардың өздеріне әңгімелету және сахналату.

6.Дид.ойын: «Қай ертегі?» Мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Қорытындылау.

16.

Тақырыбы: «Қызыл телпек»

Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетін, дауыс ырғағын бере білуге үйрету. Өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: тышқан, бақа, түлкі, қоян, аю суреттері және үйшік, кейіпкерлер бетпердесі..

1.Ұйымдастыру.

Кіріспе әңгіме.

-Балалар сендер қандай ертегілерді білесіңдер?

Балалардың жауабы.

2.Бүгін біз «Қызыл телпек»ертегісімен танысамыз.

3.Ертегіні мнемокесте арқылы т үсіндіру.



5.Балалардың өздеріне әңгімелету.(өз түсінігі бойынша)

6.Сұрақ-жауап.

-Қызыл телпек жолда немен кездесті?

-Қызыл телпек пен қасқыр қайда барды?

-Ертегі кейіпкерлерін атап өтіңдер?

7.Ертегіні рольдерге бөліп, сахналату.

8.Дид.ойын: «Қай ертегі кейіпкері?»



Қорытынды жасау.

17.

Тақырыбы: Қоянның үйі

Мақсаты: Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді, тіл байлықтарын толықтыру. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: «Қоянның үйшігі» кейіпкерлерінің бетперделері.

1.Ұйымдастыру.

Шаттық шеңбер: Қуан, шаттаң, алақай,

қуанатын кун келді.

Қайырлы таң, қайырлы кун!

Күліп шықты кун бүгін!

2.Акт.Ертегі кітап

Сиқырлы кітап өте әдемі екен. Ашып қарайық.Сиқырлы кітап сендерден сұрайды; Мына ертегілердің атын білесіндер ме?

Ертегілердің суреттерін көрсету.

3. «Ойлан тап» ойыны

Ойынның шарты: Ертегі кейіпкерлерінің орны ауысып кетіпті.Балалар ертегі кейіпкерлерін өз орнына ретімен қойыңдар.

-Ертегіде неше кейіпкер бар?

Санап көрейік.

Балаларды мадақтау.

4. «Қоянның үйі» ертегісін оқып беру.



Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. — Түлкінің үйі неден жасалған?

-Ал қояндікі ше?

— Түлкін не істеді?

-Қоян қандай аңдардан көмек сұрады?

5.Сахналау.

Балаларды мадақтау.

Қорытынды.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

19.

Тақырыбы: Түлкі мен ешкі

Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.

ҰОҚ өтілу барысы.

Қызығушылық-тарын ояту.

Жұмбақ жасыру.

Өзі бір қу,

Жүрген жері айғай-шу.

Тақтаға түлкі бейнеленген сурет ілу.

Миға шабул

-Түлкі қандай аң?

-Түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?

Балалардың жауаптары.

Ой дамыту

«Түлкі мен ешкі» ертегісін түсіндіру



Мазмұны бойынша сұрақтар қою:

-Бұл ертегіде не туралы айтылған?

-Ертегіде түлкі қандай болып көрінеді?

-Ал, ешкі қандай?

-Құдық қандай екен?

3 Сергіту сәті.

Еркін ұста денеңді,

Тарсылдатпай еденді

Орнымыздан тұрып ап

Жүгірейік бір уақ.

Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Ой қозғау

Ертегіні сахналау.

Қорытындылау. Сұрақтар қою.

Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық?

Сонымен ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен?

Ертегі сендерге ұнады ма?

20.

Тақырыбы: Мақтаншақ қоян.

Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету.

Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.

Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ,
ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер.

Ширату әдісі

1. Жұмбақ жасыру:

Қалқиып ұзын құлағы

Елеңдеп қорқып тұрады (қоян)

2. Қоян туралы жалпы түсінік беру.

3.- «**Мақтаншақ қоян**».ертегісі



- Балалар қоян туралы не білесіңдер?- Қандай жануар?- Қоян қай ертегілерде кездеседі?

4.-Ертегіні оқып беру.

5.Ертегіні слайд бойынша түсіндіру.

- **Сергіту сәті.**

6.Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап.

Рольдерге бөліп, сахналату.

7.Дид.ойын: «Қай ертегі?»

Мақсаты: ойлау әрекетін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Шарты:мнемокесте арқылы берілген ертегіні әңгімелеу.

Қорытындылау.

21.

Тақырыбы: «Қолғап» украин халық ертегісі.

Мақсаты. Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету.

Көрнекілік: Қолғап, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері.

1. Жұмбақ жасыру:

Бес балаға бір бешпент,


Бірге киіп, бірге шешпек. (Қолғап)

-Балалар, қолғап бізге не үшін керек?

-Қолғап нешеу болады?

-Қолғап қандай болады?

2. «Қолғап» ертегісі



Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.

- Сұрақ—жауап:

-Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

-Балалар, ертегі не жайында айтылған?

-Иә, ертегі кейіпкерлері бір-бірімен таласпай, бірін-бірі итермей бәрі сол бір қолғаптың ішіне сыйыпты.

Көрдіндер ме?

Біз де осылай дос болуымыз керек. Біздің топта қанша бала болса, сонша біздің досымыз көп екен.

3. Сергіту сәті

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім, екеуін,

Болады екен он саусақ.

4. Дидактикалық ойын:

«Сыңарын тап»

Мақсаты: сыңырын дұрыс табуға үйрету.

Ойын шарты: Қолғаптың саңарын тап» тапсырмасын орындайды.

5.Ертегіні сахналату. Көмектесу.

6.Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау

22.

Тақырыбы: «Аяз ата сиқыры» ертегісі

Мақсаты: Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру:

1 (Ғажайып сәт)

балалр бізге бүгін қонаққа қыс ханшайымы келді.

Бүгін сендермен өте қызықты уақыт өткізгім келеді. Мен бүгін қыс мезгілінің ерекшеліктерімен ,және «Екі аяз» ертегісімен таныстырамын.



2. Ертегіні талдау

-Балалар ертегі не туралы екен?—

Олар жолдарында кім кездеседі ? Олар не істемек болады?

Жарйсыңдар балалар, ертегіні жақсы түсініпсіндер!

3. Сергіту сәті.

Қар ұшады. /балалар қолдарын созып ұшқан болады/

Қар айналады. /балалар бір орында тұрып айналады/

Қар жерге қонады/балалар жерге отырады/

Қар ұйықтайды/балалар көздерін жұмады/4.Ертегіні сахналау.

5.Қорытындылау.

Балалар бізге қонаққа кім келді? Қандай ертегіні айтып берді?

23.

Тақырыбы: «Дәрігер Айболит » ертегі.

Мақсаты: Балаларды мейірімдікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері.

«Ертегілер» әні.

- Бүгін біз Корней Иванович Чуковскийдің «Дәрігер Айболит» ертегісімен танысамыз.

Ертегіні мәнерлеп оқып беру және оның мазмұнын ашу.

Ертегіні өз түсінігі бойынша әңгімелету.

Сергіту сәті

Сұрақ-жауап.

-Сендерге ертегі ұнады ма?

- Ертегіде қандай кейіпкерлерді кездестірдік?

- Қандай құстарды көрдіңдер?

Ертегіні сахналату.

Қорытынды жасау.

24.

Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі

Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Ертегі желісін ретімен орындауды жетілдіру. Дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастыру:

1. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Қыс айларын атаңдаршы балалар?

2. Д/о «Кім жылдам»

Шарты: Музыка әуені ойналады, әуен тоқтаған кезде білетін ертегілерінің атын айту керек.

Қызғушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Сәуле құршақ ертегі кітап алып келеді.

1. «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі

Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар қою.

Ертегі қалай аталады?

Ертегінің басы қалай басталады?

Ертегі қалай аяқталады?

Жыл басы қай жануар болды?

Түйе неге жыл басы бола алмады?

5. Ертегіні сахналау.

7. Қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

25.

Тақырыбы: «Қияр мен капуста» ертегісі

Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру:

1. Ойын: «Көңіл күйіміз қандай?»

Мақсаты: Бір – біріне допты беру арқылы көңіл - күйлері жайлы айтып беру.

2. Жұмбақ жасыру:

Қабат – қабат тоны бар,

Аласа ғана бойы бар(қырыққабат)

3. Сұрақ жауап

Қияр , орамжапырақ көкөніс пе, жеміспе?

4. Балаларға қияр мен орамжапырақ туралы ертегі айтып беру.

Ертегімен таныстыру

5. Ертегіні талдау:

-Ертегі не туралы?

-Қияр не істеді?

-Қиярдың іс – әрекеті дұрыс па?

-Неге ол досы қырыққабатқа көмектеспеді?

-Қиярдың бүрі неден қалған екен?

6. Тыныс алу жаттығуы.

Қолға алып шарды Үрлеймін мен былай

Уф-ф-ф

Үрлеймін деп қатты

Жарып алдым шарды.

Ертегіні сахналау.

7. Қорытындылау.

«Егер де мен....» ойыныны арқылы аяқтау.

-Сендер өздеріңді қиярмын деп елестетіңдер,

-Сендер қиярдың орнында болғанда не істеуші едіңдер?

26.

Тақырыбы:

«Бидай мен қаңбақ» А.Тоқмағанбетов

Мақсаты:..Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру.

Қолданылатын көрнекі құралдар .қуыршақтарды дайындау.

Оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастыру:

1.Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Көктем айларын атаңдаршы балалар?

2.Суретпен жұмыс

Бидай,Қаңбақ

Суреттер арқылы түсініктер беремін.

Бидай – астық тұқымдасына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл. Бидайдан ұн тартылып, нан және нан өнімдері жасалады.

Қаңбақ далада өсетін домалақ пішінді шөптекті өсімдік. Жер үстіндегі бөлігі (жемісі) піскеннен кейін, жер астындағы тамырынан бөлініп желдің соғу бағытымен ұшып кетеді. Тұқымы жел арқылы алыс жерлерге таралды.

3.Ертегіні айтып беру.

4.Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.

Ой қозғау.

- Құмырсқаның достары қандай екен?

- Құмырсқаға нелер көмектесті?

- Ара, қоңыздың істегені дұрыс па?

- Достар қандай болу керек?

Сұрақтарға жауап береді, өз ойларымен бөліседі

5. Сергіту сәті

Күнде аспанға қараймыз,
Қайтқан құсты санаймыз.
Үшбұрыш боп тырналар,
Көк жүзінде сырғанар.

6.Ертегіні сахналау.

7.Қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

27.

Тақырыбы: «Қайырымды бала»

Б.Данабеков

Мақсаты: Қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру, балалардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату. Өз халқының салт дәстүрінде негізделген адамдық асыл қасиеттерді ажырата біліп игеруге баулу. Қайырымды болуға тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастыру:

Жыл мезгілін, апта күнін сұрау.

2. Балалар «қамқорлық» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

-Сендер кімге қамқорлық жасай аласыңдар?

3.«Қайырымды бала»

Б.Данабеков

4. Сұрақ-жауап арқылы әңгімесін мазмұнын ашу.

-Әңгіме не туралы?

-Нодардың қайырымды бала екенін қай әрекетінен байқадың?

-Нодар екінші қайық сатып алуды әкесінен неліктен «ақырын ғана» сұрады?

-Әкесі Нодардың бұл қылығына қалай қарады?

5.Сергіту сәті.

Секіреміз топ-топ,

Шапалақтап көп-көп.

Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,

Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.

6.Суретпен жұмыс

Дидактикалық ойын.

Дидактикалық ойын «Кімнің іс-әрекеті саған ұнады?»

7.Қорытындылау.

Сұрақ жауапа арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау

28.

Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)

Мақсаты: «Арыстан мен тышқан» ертегі-сінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттың шеңбері.

Ертегі еліне саяхат.

«Арыстан мен тышқан» атты латыш ертегісі

. Ертегіні оқып беру.

Ой қозғау.

Сұрақ-жауап.

- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

- Арыстан қайда жүреді?

- Арыстан мен тышқанның айырмашылығы неде?

- Арыстан мен тышқан туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Қорытынды.

Балаларға әртүрлі қимылдар жасату:

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп,

Беті-қолын жуады.

Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рөлдер арқылы ойнату.

29.

Тақырыбы: «Қияр мен капуста» ертегісі

Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру:

1. Ойын: «Көңіл күйіміз қандай?»

Мақсаты: Бір – біріне допты беру арқылы көңіл - күйлері жайлы айтып беру.

2. Жұмбақ жасыру:

Қабат – қабат тоны бар,

Аласа ғана бойы бар (қырыққабат)

3. Сұрақ жауап

Қияр, орамжапырақ көкөніс пе, жеміспе?

4. Балаларға қияр мен орамжапырақ туралы ертегі айтып беру.

Ертегімен таныстыру

5. Ертегіні талдау:

-Ертегі не туралы?

-Қияр не істеді?

-Қиярдың іс – әрекеті дұрыс па?

-Неге ол досы қырыққабатқа көмектеспеді?

-Қиярдың бүрі неден қалған екен?

6. Тыныс алу жаттығуы.

Қолға алып шарды Үрлеймін мен былай

Уф-ф-ф

Үрлеймін деп қатты

Жарып алдым шарды.

Ертегіні сахналау.

7. Қорытындылау.

«Егер де мен....» ойыныны арқылы аяқтау.

-Сендер өздеріңді қиярмын деп елестетіңдер,

-Сендер қиярдың орнында болғанда не істеуші едіңдер?

30.

Тақырыбы: Гүл туралы аңыз. Ертегі. Мнемотехника тәсілімен

Мақсаты:Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.

Әдіс-тәсілі: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап

Көрнекі құралдар: АКТ, гүлдің суреттері

Шаттық шеңбері

Кел балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады!

Күліп өмір сүрейік!

Балалар сендер гүлдер әлеміне саяхат жасағыларың келеме?

Психологиялық жаттығу

Ендеше, жеңіл әуеннің ырғағымен көзімізді жұмып,көктем мезгіліне, гүлдер әлеміне саяхат жасаймыз. Айналамыз барлығы жап-жасыл шөптер, қызыл, сары әдемі гүлдер. Барлығымыз гүлдердің жұпар иісін иіскейікші. Қандай тамаша! (Слайд арқылы көрсету.)

Гүл туралы аңыз. Ертегі. Мнемотехника тәсілімен.

Балалар ертегіні зейін қойып тыңдап, мнемокесте арқылы айтып береді

Ертегіні сахналау

Ертегі желісін түсінген-дері арқылы сомдай білу.

Балалардың гүлге тілектері:

-Гүл , сен әдемісің

-Гүліміз жайқала берсін

-Гүлдерді баптап өсірейік

-Гүл бізге әсемдік сыйлайды т.б

ҰОҚ қорытынды.Сұрақ – жауап.

Балаларды мадақтау.

Мнемотехника тәсілімен.

Тақырыбы: Қайдан келдің бауырсақ

Мақсаты: Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау.

Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын

Көрнекі құралдар: АКТ, суреттер, баурсақ

Психологиялық сәт: «Жүрек жылуы»

Мақсаты: Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру.

Шарты: Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді

Ө.Тұрманжанов «Қайдан келдің бауырсақ?» мнемотехника тәсілімен

Топқа бөліну

1 – топ. «Бауырсақ» тобы

2- топ «Тоқаш» тобы

3- топ «Торт» тобы

Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін көрсету, түсіндіру.

Сергіту сәті:

Нан қиқымын шашпандар

Жерде жатса баспандар

Теріп алып қастерлеп

Торғайларға тастандар

Ойын: «Қайдан келдің бауырсақ?»

Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, ретімен орналастыруға үйрету.

Шарты: Бауырсақ қайдан келгені туралы барлық суреттерді шығарып, бауырсақты домалату арқылы ойынды ойнату.

Сұрақ- жауап:

Қандай өленді тыңдадыңдар?

Бауырсақты қалай жасаймыз?
ҰОҚ қорытындылау. Балаларды мадақтау

31.

Тақырыбы: Тақпақ айта білемін

Мнемотехника тәсілі **Мақсаты:** Мнемотехника тәсілімен.

Балалардың жаттаған тақпақтарын және мезгіл туралы суретке әңгіме құрауды мнемотехника тәсілімен қайталап тексеру.

ҰОҚ өтілу барысы.

I. Шаттық шеңбері.

"Бала, бала, баламыз"

Е. Өтетілеуұлы.

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамызда қаламыз!

Ғажайып сәт.

Дымбілместің келуі.

Балалардың таңырқауы

Педагог

Сұрақ-жауап.

Сен кімсің, амандаспадың да. Амандасу.

Мені бәрі Дымбілмес диді.

Маған осы ат ұнамайды.

Маған бірдеңе үйретіндерші.

Балалардың Дымбілмеске көмегі

II. Ой дамыту

Топқа бөлу

Геометриялық пішіндермен.

Сұрақ –жауап.

Бұларды бір сөзбен не деп атаймыз. пішіндер

1-топ. үшбұрыш

«Нан қиқымын шашпандар»

Ө. Тұрманжанов

2-топ.. Төртбұрыш

Көктем мезгілін мнемокесте арқылы әңгімелеу.

3-топ. Дөңгелек

«Ойыншықтар»

Н. Әлімқұлов

4-топ. Сопақша

Құстар туралы мнемокестемен әңгіме

Көңілді шеңбер.

Балаларды шеңберге жинау.

Дымбілмеске сұрақ қою.

Дымбілмес қуанып балаларға риза болу.

Қоштасу.

Қортынды

Балаларды мадақта

32.

Тақырыбы: Еңбек , бәрін жеңбек.

Мақсаты: Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету. Мақал- мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.

I.Психологиялық сәт: «Жүректен жүрекке»

Мақсаты: Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру.

Шарты: Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді

II. Ой дамыту.

Топқа бөлініп, мақал-мәтелдер жаттаймыз

1 – топ. «Бірлік»тобы

2- топ «Татулық» тобы

3- топ «Достық» тобы

Мақал-мәтелдер мнемотехника тәсілімен

Сергіту сәті:

Бала, бала, балақан

Қане қайсы алақан?

Саусақтарың әйбат

Былай,былай ойнат

Топ-топ, топ-топ басайық

Жалаудан гүл жасайық

Жаса, жаса жарқын күн

Жаса, Жаса алтын Күн!

III.Ой қозғау.

Ойын: «Үлкенге көмек»

Мақсаты: Балалардың еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру.

IV.Миға шабул.

Бүгін біз не туралы әңгімеледік?

Бауырсақты қалай жасаймыз?

ҰОҚ қорытындылау. Балаларды мадақтау.

Еңбекті сүй, құрметте.

Керек болар еңбекте

Еңбек етсең емерсің

Жақын болшы еңбекке

33.

Тақырыбы: Біз бақытты баламыз

Мақсаты:Бақыт, қуаныш,сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетанымын, ой-өрісін дамыту.

ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.

Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»

Бір шаңырақ астында,

Тату –тәтті тұрамыз.

Бірге ішеміз асты да,

Бірге сайран құрамыз.

II.Қызығушылықты ояту.

Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап

Саяхатқа немен шыққан ұнайды?

Автобус пен поездың айырмашылығы неде?

Автобуспен саяхатты таңдау

1. «Достық аялдамасы» -Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма?-Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?- Біз білетін достық ережесі қандай еді?

- жолдастарыңа көмектес.

-қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.

2. «Отбасы аялдамасы»

- Балалар отбасы деген не?

- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/

-Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.

Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тапқасты жаттату.

Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»

1-бала:Айтшы білсең егер де,

Бақыт деген не?

2-бала: Бақыт деген, шырағым

Мынау әсем тұрағың.

Ну ормандар, гүл бағы,

Күннің күліп тұрғаны

БАҚЫТ- дәні далаңның.

«Ботам» деуі әжеңнің,

Тыныштығы әлемнің.

3-бала: Қайда бақыт мекені,

Қалай оған жетеді?

4- бала:Адал еңбек етесің

Сонда ғана жетесің.

Сезім: Көрінбейтін көзіңе,

Сонда оның өзі не?

5- бала:Бақыт деген, сөзім шын

Айналайын, өзіңсің!

3. «Бақыт аялдамасы»

Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Балалар бақыт деген не екенін өз сөздерімен айтып берсін.

Қортынды

Аспан тұрса күлімдеп,

Ақса бұлақ гүрілдеп,

Болса Отаны аман-сау.

Балаларға сол бақыт.

Балаларды мадақтау

34.

Тақырыбы: Орман дәрігері.Ертегі.

Мақсаты:Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.

ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.

I.Шаттық шеңбері.

«Кел,балалар күлейік»

Ө.Тұрманжанов.

Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!

Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!

II.Қызығушылықты ояту.

Жұмбақ жасыру.

Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі.

Көрік берген далама, Білер оны бар бала.

(Ағаштар)

Сұрақ – жауап.

1. Ой қозғау.

Ағаштар және орман туралы түсінік беру.

- Сұрақ – жауап.

-Қазір қандай мезгіл?

-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?

-Ағаштар бізге не үшін қажет?

-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?

-Неге ну орман дейміз?

2. Ой дамыту.

-Ертегіні мәнерлеп оқу.

-Ертегі желісін түсіндіру.

-Терек қандай ағаш?

-Неліктен ауырды?

-Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді?

-Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру.

Сөздік жұмыс:

Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады.

Сергіту сәті.

«Қазым, қазым қаңқылда»

3. Миға шабуыл.

-Ертегі желісінен сұрақ – жауап.

Қортынды

Викториналық сұрақтар:

Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . (Өтеш)

Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)

Қай құс өзінің атын қайталайды? (көкек)

Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)

Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)

Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)

Құстың негізгі мекені? (Ұя)

Балаларды мадақтау.

35.

Тақырыбы: Ертегі: «Нан қайдан шығады?»

Мақсаты: Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан қайдан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру.

ҰОҚ өтілу барысы

I. Шаттық шеңбері.

«Балалы үй-базар»

Н.Әлімқұлов.

Біздің үйден ән тарап,

Дұмандатар өмірді.

Біздің үйде салтанат,

Біздің үйде көңілді.

1.Ой Дамыту

Нан туралы түсінік беру.

Берілген түсінік арқылы сұрақ – жауап.

- Нан қайдан шығады?

- Біз оны қайдан аламыз?

-Нан туралы қандай өлеңдер білесіңдер?

2.Ой қозғау.

Мнемотехника әдісімен.

Ертегіні мәнерлеп оқу.

- Ертегі желісінен сұрақ-тар қою.

-Тышқан қайда келді.

-Ол дүкенге келіп не істеді?

-Күзетші келгенде не істеді?

-Ол не деп ойлады?

-Наннан не деп сұрады?

-Сосын қайда барды?

-Сатушы не деді?

-Наубайшы не деді?

-Диірменші не деп жауап берді?

-Комбайыншы не деді?

-Тышқан бұл сұрақтарға не деп жауап берді?

-Ол қайда кетіп қалды?

-Күзгі еңбек түрлерімен байланыстыру арқылы ертегіні қортындылау.

3.Дамытушылық жұмыс

Нан туралы мақал –мәтелдер.

-Дастарханында наны жоқтың

Тамағының сәні жоқ

-.Нан болса, ән де болады.

- Тістем нанның қадірін,

Тарыққанда білерсің.

Қортынды.

Ө.Тұрманжанов

«Нан қиқымын шашпандар»

Балаларды мадақтау.

36.

Тақырыбы: Ертегі еліне саяхат

Мақсаты: Айналадағы зат-тардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып меңгерту, логикалық ойындар. Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету.

ҰОҚ өтілу барысы

Ғажайып сәт.

Бауырсақтың қонаққа келуі.-Амандасу.

Бауырсақ : Менің атым Бауырсақ,

Мені пышақпен қырып алды,

Қанатпен сыпырып алды.

Қаймаққа иледі, майға пісірді.

Мен атадан кеттім,

Мен әжеден кеттім,

Тыңдамадым атамды,

Тыңдамадым әжемді

Үйімді мен сағындым, көмектесші балақай.

Сұрақ – жауап.

-Бауырсақ қай ертегінің кейіпкері?.

Балалардың жауабы.

-Бауырсақтың түсі қандай?

Сары.

- Бауырсақтың пішіні қандай?

- Домалақ, шеңбер.

3. Бауырсақты атасы мен әжесіне апаруға көмектесу. -

1.Шыршаның түбінде жылап тұрған қоянды көреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, қоян. Сен неге жылап тұрсың

Қоян : Менің тұратын үйім жоқ. соны маған табуға көмектесіңдерші.

Тәрбиеші: Қоянға көмек

Балалар мынау қандай пішін,?

Балалар : Төртбұрыш (оның төртбұрышы бар).Мынау үшбұрыш (оның үш бұрышы бар).Мынау шеңбер (ол домалақ болады).

қоянның үйін құрастыру.

Қоян : Балалар сендерге көп-көп рахмет.Менің баспанам болды.Рахмет мен енді өз жөнімен кетейін.

- Бауырсақтың алдынан қасқыр кездеседі.

2. Қасқырға кездесу.

Балалар менің қарыным ашып тұр. Мен бауырсақты жеймін.

Балалар : Жоқ, сен бауырсақты жемеші, біз бауырсақты атасы мен әжесіне апаруға көмек-тесейік деп келе жатырмыз.

Қасқыр : Онда сендер, маған сиқырлы көпірден өтуге көмектесіңдер. «Не көп, не аз» деген тапсырмамды орындандар.

Дидактикалық материалдар-мен жұмыс.Балалар тапсырманы орындайды.

Қасқыр : Рахмет балалар, мен сендерден көп нәрсе үйрендім.

3.Аюға кездесу.

Ой- ой менің қарным ашып тұр еді, жақсы болды ғой мына бауырсақты жеймін.

Балалар: Аю, аю бауырсақты атасы мен әжесі күтіп отыр соған тезірек бару керек, қайта сен бізге көмектесші, орманнан қалай шығамыз.

-Ендеше менің көп тапсыр-мам бар соны орындандар.

А)Мен туралы әдемі өлең айтып беріңдер.

Сергіту сәті :

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп,теріп аламыз,

Қалтамызға саламыз.

Б)Тапсырма :Түс пен пішінді ажырата білу (қызыл шеңберге секір, жасыл төртбұрышқа аяқ қой, көк үшбұрышты атта)

Жарайсындар тура бара беріңдер сол кезде орманнан шығасындар.

4.Түлкіні кездестіру

Түлкі :Бауырсақ мен сені жеймін.

Бауырсақ: Жемеші, мені. Мен балалардан көп нәрсені үйреніп келе жатырмын. Сен бізді бір сынап көрші.

Түлкі : (қолында бір бума қағаз). Онда менің жұмбақ-тарымды шешіп көріңдер.

- Қыста ақ,жазда сұр. қоян

- Мен бал құмар қорбанбай-мын,Тәтті ұрлауға қорланбаймын. (аю)

Түлкі : Сендер менің тапсырмаларымды жақсы орындадыңдар. Мен сендерге ризамын.Бауырсақты жемеймін.

Балалар : (Біз бауырсақпен қоштасамыз).

Бауырсақ, міне орманнан шықтық, енді мына жолмен тура жүрсең атаң мен әжеңе барасың.

Бауырсақ :Мен сендерден көп нәрселер үйрендім. Сендерге рахмет. Мені атам мен әжем тосып отырған шығар. Үйіме қайтайын.

Қош сау болыңыздар.

Қортынды

Балаларды мадақтау.